



«Бекітемін»

№32 «Қуаныш» балабақшасының
менгерушісі Р.А. Лекерова

**МКҚК №32 «Қуаныш» балабақшасында 2024-2025 оқу жылына арналған
әдістемелік кеңес жоспары**

№	Тақырыбы	мерзімі	жауаптылар
1	Жаңа оқу жылына дайындық	Қыркүйек	Менгеруші Әдіскер
2	Әдістемелік әдебиеттерді бағдарлама бойынша жабдықтау	Казан	Әдіскер
3	Балаларды психологиялық педагогикалық талдау	Қараша	Әдіскер, Психолог
4	Балабақша мен мектептің бастауыш сыныптарының сабақтастығы	Желтоқсан	Менгеруші Әдіскер
5	Педагогтарға аттестацияға дайындауға көмек беру	Қаңтар	Әдіскер
6	Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық	Ақпан	Әдіскер Топ тәрбиешілері
7	Адаптивтік бағдарламалар педагогты әдістемелік шындау күралы	Наурыз	Әдіскер Адаптивтік бағ. Авторлары
8	Педагогтар мен ата-аналарға балаларының дамуы мен сауықтыруына арналған кеңес	Сәуір	Әдіскер
9	Оқу жылының қорытындысы Баланы мектепке дайындауда ата-анаға берілетін кеңестер	Мамыр	Әдіскер, Психолог

**МКҚК №32 «Қуаныш» балабақашасы әдістемелік кеңесі отырысының
№ 1 хаттамасы**

Өткізілген күні: 27.08.2024ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: Жаңа оқу жылына дайындық

Күн тәртібі:

1. 2024-2025 оқу жылына дайындық барысы.
2. Жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту.
3. Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптар.
4. Әдістемелік қамтамасыз ету және құжаттама дайындығы.

Тыңдалды:

1. Әдіскер У.Ж.Боташова сөз сөйлеп, жаңа оқу жылына дайындықтың негізгі бағыттарына тоқталды. Топ бөлмелерінің санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі, оқу-тәрбие процесіне қажетті көрнекіліктер мен дидактикалық материалдардың дайындығы туралы ақпарат берді.
2. Әдіскер 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспар жобасымен таныстырды. Жоспарда мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер, мерекелік іс-шаралар, ата-аналармен жұмыс және әдістемелік жұмыстар қамтылғаны айтылды.
3. Меңгеруші Р.А.Лекерова педагогтарға оқу жылы барысында білім беру процесін ұйымдастыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, балалардың жас ерекшеліктерін ескеру және инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттігін атап өтті.
4. Әдіскер әдістемелік құжаттардың (күнтізбелік-тақырыптық жоспар, перспективалық жоспар, мониторинг материалдары) толық әрі талапқа сай дайындалуы керектігін ескертті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Жылдық жоспарды бекіту.
2. Тәрбиешілерге оқу-тәрбие процесін мемлекеттік стандарт талаптарына сай ұйымдастыру міндеттелсін.
3. Әдістемелік құжаттардың уақытылы әрі сапалы жүргізілуі қадағалансын.

Әдістемелік отырыс төрайымы:

 Лекерова Р.А.

Хатшы:

 Боташова У.Ж.

**МККК №32 «Қуаныш» балабақашасы әдістемелік кеңесі отырысының
№ 2 хаттамасы**

Өткізілген күні: 01.10.2024ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: Әдістемелік әдебиеттерді бағдарлама бойынша жабдықтау

Күн тәртібі:

1. Әдістемелік әдебиеттерді мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасына сәйкес жабдықтау және педагогтердің пайдалануын қамтамасыз ету туралы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әдіскер Боташова У.Ж. сөз сөйлеп, балабақшадағы оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыруда әдістемелік әдебиеттердің маңыздылығына тоқталды.

Педагогтердің кәсіби қызметін ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, үлгілік оқу бағдарламасына және әдістемелік ұсынымдарға сәйкес қажетті оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету қажеттілігі атап өтілді.

Балабақшадағы әдістемелік кабинетте педагогтерге қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттер, балаларға арналған көркем әдебиеттер, педагогикалық жинақтар, дидактикалық материалдар және әдістемелік құралдар жинақталғаны қаралды.

Әдістемелік әдебиеттердің оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкестігі, олардың педагогтердің күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетінде қолданылуы және жүйеленіп сақталуы бойынша жұмыстар жүргізілетіні айтылды.

Қаралды:

- оқу бағдарламасына сәйкес әдістемелік әдебиеттердің болуы;
- педагогтерді қажетті әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету жағдайы;
- әдістемелік әдебиеттерді жас ерекшеліктеріне және білім беру бағыттарына сәйкес жүйелеу;
- жаңа әдістемелік құралдармен толықтыру қажеттілігі;
- педагогтердің әдістемелік әдебиеттерді тиімді пайдалану деңгейі.

Қаулы:

1. Балабақшадағы әдістемелік әдебиеттерді мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасына сәйкес жүйелеу және толықтыру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Педагогтерді ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоспарлау және өткізу барысында қажетті әдістемелік әдебиеттерді тиімді пайдалануға бағытталған жұмыстар жүргізілсін.
3. Әдістемелік кабинеттегі әдебиеттер білім беру бағыттары мен балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес реттеліп, қолжетімді түрде орналастырылсын.
4. Жетіспейтін әдістемелік құралдар мен әдебиеттердің тізімі анықталып, оларды кезең-кезеңімен толықтыру ұйымдастырылсын.

Әдістемелік отырыс төрайымы:

Лекерова Р.А.

Хатшы:

Боташова У.Ж.

**МККК №32 «Қуаныш» балабақашасы әдістемелік кеңесі отырысының
№ 3 хаттамасы**

Өткізілген күні: 04.11.2024ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: Балаларды психологиялық педагогикалық талдау

Күн тәртібі:

1. Балаларды психологиялық-педагогикалық талдау.
2. Балалардың жеке даму ерекшеліктерін анықтау.
3. Бақылау нәтижелері бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.

Тыңдалды:

1. Психолог Жолаушыбаева Л.А. тәрбиеленушілердің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу нәтижелері туралы баяндады. Балалардың қарым-қатынасы, эмоционалдық жағдайы, танымдық белсенділігі, бейімделуі және жеке ерекшеліктері бойынша жүргізілген бақылау жұмыстары талданды.
2. Әдіскер педагогтерге балаларды бақылау барысында әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеру қажеттігін атап өтті.
3. Тәрбиешілер балалармен жүргізілген бақылау жұмыстарының нәтижелерімен бөлісті. Кейбір тәрбиеленушілермен жеке жұмыс жүргізу қажеттілігі айтылды.

Қаулы:

1. Балалардың жеке даму ерекшеліктерін жүйелі бақылау.
2. Психологиялық-педагогикалық бақылау нәтижелерін тәрбиелеу-білім беру процесінде ескеру.
3. Қажеттілігіне қарай балалармен жеке және шағын топтық жұмыстар ұйымдастыру.
4. Ата-аналарға балалардың даму ерекшеліктеріне байланысты кеңес беру.
5. Психолог пен тәрбиешілердің бірлескен жұмысын күшейту.

Әдістемелік отырыс төрайымы:



Лекерова Р.А.

Хатшы:



Боташова У.Ж.

**МККК №32 «Қуаныш» балабақшасы әдістемелік кеңесі отырысының
№ 4 хаттамасы**

Өткізілген күні: 02.12.2024ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: Балабақша мен мектептің бастауыш сыныптарының сабақтастығы

Күн тәртібі:

1. Балабақша мен мектептің бастауыш сыныптары арасындағы сабақтастық.
2. Мектепалды топ тәрбиеленушілерін мектепке дайындау.
3. Ата-аналармен бірлескен жұмыстар.

Тыңдалды:

Әдіскер Боташова У.Ж. балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастықтың маңыздылығына тоқталды. Мектепалды жастағы балалардың мектепке психологиялық, әлеуметтік және танымдық тұрғыдан дайындалуына жағдай жасау қажеттігі айтылды.

Балалардың мектеп туралы жағымды түсінігін қалыптастыру, дербестігін, қарым-қатынас мәдениетін, тыңдау және тапсырманы орындау дағдыларын дамыту жұмыстарына назар аударылды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Мектепалды топ тәрбиешілері балалардың мектепке дайындығы бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық жұмыстарын жүйелі жүргізу.
2. Мектепалды топтарда балалардың мектепке психологиялық және әлеуметтік дайындығын арттыру.
3. Балалардың дербестігі мен танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған жұмыстарды күшейту.
4. Ата-аналарға мектепке дайындық мәселесі бойынша кеңестер ұйымдастыру.
5. Мектеппен тәжірибе алмасу жұмыстарын жалғастыру.

Әдістемелік отырыс төрайымы:

Лекерова Р.А.

Хатшы:

Боташова У.Ж.

**МКҚК №32 «Қуаныш» балабақшасы әдістемелік кеңесі отырысының
№ 5 хаттамасы**

Өткізілген күні: 06.01.2025ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: Педагогтарға аттестацияға дайындауға көмек беру

Күн тәртібі:

1. Педагогтерді аттестаттауға дайындауға әдістемелік көмек көрсету.
2. Педагогтердің кәсіби жетістіктерін жинақтау.
3. Портфолио дайындау талаптары.

Тыңдалды:

Әдіскер Боташова У.Ж. педагогтерді аттестаттаудан өткізу тәртібі және оған дайындық жұмыстары туралы түсіндірді. Педагогтің кәсіби қызметін талдау, жетістіктерін жинақтау, портфолио дайындау, шығармашылық жұмыстарын жүйелеу мәселелері қарастырылды.

Педагогтер аттестаттауға дайындық барысында туындаған сұрақтарын қойып, әдістемелік көмек алды.

Қаулы:

1. Аттестаттаудан өтетін педагогтерге жеке әдістемелік көмек көрсету.
2. Педагогтердің портфолиоларын талаптарға сәйкес жүйелеу.
3. Кәсіби жетістіктерді, сертификаттар мен шығармашылық жұмыстарды жинақтау.
4. Педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасау.
5. Аттестаттауға дайындық барысын әдіскер бақылауға алсын.

Әдістемелік отырыс төрайымы:

Лекерова Р.А.

Хатшы:

Боташова У.Ж.

**МКҚК №32 «Қуаныш» балабақшасы әдістемелік кеңесі отырысының
№ 6 хаттамасы**

Өткізілген күні: 06.02.2025ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық

Күн тәртібі:

1. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық.
2. Ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту.
3. Педагог пен ата-ана арасындағы тиімді қарым-қатынас.

Тыңдалды:

1. Әдіскер Боташова У.Ж. отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықтың бала тәрбиесіндегі маңызы туралы баяндады. Баланың дамуына қолайлы жағдай қалыптастыру үшін педагог пен ата-ананың өзара түсіністігі мен бірлескен әрекеті қажет екендігі айтылды.
2. Тәрбиешілер ата-аналармен жүргізілетін жеке кеңес, ата-аналар жиналысы, бірлескен іс-шаралар және шығармашылық жұмыстар туралы ұсыныстарын білдірді.

Қаулы:

1. Ата-аналармен ынтымақтастықты жүйелі түрде жүргізу.
2. Ата-аналарды балабақшадағы тәрбиелік және танымдық іс-шараларға белсенді тарту.
3. Әр баланың жеке ерекшеліктері бойынша ата-аналарға кеңес беру.
4. Педагогтер мен ата-аналар арасында өзара сыйластық пен сенімге негізделген қарым-қатынас қалыптастыру.
5. Отбасымен жүргізілетін жұмыстардың тиімділігін арттыру.

Әдістемелік отырыс төрайымы:

 **Лекерова Р.А.**

Хатшы:

 **Боташова У.Ж.**

**МККК №32 «Қуаныш» балабақшасы әдістемелік кеңесі отырысының
№ 7 хаттамасы**

Өткізілген күні: 04.03.2025ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

1. **Тақырыбы:** Адаптивтік бағдарламалар – педагогті әдістемелік шындау құралы.

Күн тәртібі:

2. Адаптивтік бағдарламалар – педагогті әдістемелік шындау құралы.
3. Адаптивтік бағдарламаларды оқу-тәрбие процесінде қолдану.
4. Педагогтердің тәжірибе алмасуы.

Тыңдалды:

1. Әдіскер Боташова У.Ж. адаптивтік бағдарламалардың педагогтердің кәсіби және әдістемелік шеберлігін арттырудағы маңызы туралы баяндады. Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін бейімдеу, педагогикалық әдістерді тиімді таңдау мәселелері қарастырылды.
2. Адаптивтік бағдарламалармен жұмыс жүргізетін педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісті. Бағдарламаларды қолдану барысында тиімді әдіс-тәсілдер мен жұмыс түрлері ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:


1. Адаптивтік бағдарламаларды балалардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес тиімді пайдалану.
2. Педагогтердің тәжірибе алмасуын ұйымдастыру.
3. Балалардың қажеттіліктеріне қарай педагогикалық тәсілдерді бейімдеу.
4. Тиімді әдіс-тәсілдерді жинақтап, педагогтер арасында тарату.
5. Адаптивтік бағдарламалардың орындалуын әдіскер бақыласын.

Әдістемелік отырыс төрайымы:



Лекерова Р.А.

Хатшы:



Боташова У.Ж.

**МККК №32 «Қуаныш» балабақашасы әдістемелік кеңесі отырысының
№ 8 хаттамасы**

Өткізілген күні: 03.04.2025ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: Педагогтар мен ата-аналарға балаларының дамуы мен сауықтыруына арналған кеңес

Күн тәртібі:

1. Педагогтер мен ата-аналарға балалардың дамуы мен сауықтырылуына арналған кеңестер.
2. Балалардың денсаулығын нығайту жолдары.
3. Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Тыңдалды:

Әдіскер Боташова У.Ж. балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бағытында жүргізілетін жұмыстарға тоқталды. Күн тәртібін сақтау, таза ауада серуендеу, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, шынықтыру шараларын ұйымдастырудың маңызы айтылды.

Педагогтерге ата-аналармен балалардың денсаулығын сақтау және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылды.

Тәрбиешілер балалардың денсаулығын нығайту мақсатында ұйымдастырылатын қимылды ойындар, сергіту сәттері, шынықтыру шаралары туралы айтты.

Қаулы:

1. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған сауықтыру жұмыстарын жүйелі жүргізу.
2. Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру.
3. Ата-аналарға салауатты өмір салты бойынша әдістемелік кеңестер беру.
4. Балалардың күн тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету.
5. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстарын бастау.

Әдістемелік отырыс төрайымы:



Лекерова Р.А.

Хатшы:



Боташова У.Ж.

**МККК №32 «Қуаныш» балабақашасы әдістемелік кеңесі отырысының
№ 9 хаттамасы**

Өткізілген күні: 08.05.2025ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: 2024-2025 оқу жылының қорытындысы.

Күн тәртібі:

1. 2024-2025 оқу жылының қорытындысы.
2. Педагогтердің оқу жылында атқарған жұмыстарына талдау.
3. Баланы мектепке дайындауда ата-аналарға берілетін кеңестер.
4. Келесі оқу жылына ұсыныстар.

Тыңдалды:

Әдіскер Боташова У.Ж. 2024-2025 оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыстардың қорытындысы туралы есеп берді. Оқу жылында педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, тәжірибе алмасу, ашық оқу қызметтері мен әдістемелік іс-шаралар ұйымдастырылғаны атап өтілді.

Мектепалды топ тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығына жүргізілген жұмыстарға талдау жасалды. Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамыту бағытындағы жұмыстардың нәтижелері қарастырылды.

Психолог Жолаушыбаева Л.А. мектепалды жастағы балалардың психологиялық дайындығы туралы айтып, ата-аналарға балаларды мектепке дайындау кезінде қолдау көрсету жөнінде ұсыныстар берді.

Тәрбиешілер оқу жылында атқарылған жұмыстарға тоқталып, келесі оқу жылына арналған ұсыныстарын білдірді.

Қаулы:


1. 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстар қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Педагогтердің оқу жылындағы тиімді тәжірибелерін жинақтау және тарату.
3. Мектепалды топ тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы бойынша ата-аналарға әдістемелік кеңес беруді жалғастыру.
4. Балалардың жеке даму нәтижелерін талдау негізінде келесі оқу жылына міндеттер белгілеу.
5. Педагогтердің кәсіби дамуына бағытталған жұмыстарды жалғастыру.
6. Келесі оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарын алдын ала айқындау.

Әдістемелік отырыс төрайымы:



Лекерова Р.А.

Хатшы:



Боташова У.Ж.